

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LEPZ1025>

**Б. Н. Бияров¹, С. А. Итегулова²,
А. О. Тымболова³, *Н. Б. Ильясова⁴**

^{1,2,3,4}Мемлекеттік тілді дамыту институты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9028-6836>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-8506-2765>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4757-2618>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2215-3185>

*e-mail: kalenbekova2001@mail.ru

ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІ ҚҰРАМЫНДА КЕЗДЕСЕТІН МАҒЫНАСЫ КҮҢГІРТ СӨЗДЕР

Мақалада қазақ тіліндегі фразеологизмдердің құрамында кездесіп қалатын мағынасы көмескіленген сөздердің этимологиясы қарастырылады. Тілімізде уақыты белгісіз ерте кездерде қалыптасқан тұрақты тіркестердің беретін мағынасы түсінікті болғанымен, тіркес құрамындағы кейбір сөздер қазіргі замандағы тіл қолданушыларға түсініксіз бола бастаған. Бұл тілдің даму барысында қалыптасатын заңды құбылыс болып табылады. Автор осындай көнерген сөздердің семантикасын ашуды мақсат тұтқан.

Сөзэтимологиясын ашу біршама қиындықтар тудыратындықтан, кейбір талдаулардың нәтижесі болжамдық сипатқа ие болады. Жалпы этимологиялық талдау болжамдарға сүйенетінінін ескерсек, бұл қате тұжырымға жатпайды. Ұсынылған болжамдардың бірінде ақиқат жатуы да бек мүмкін. Сондықтан тіл білімінде бір сөз немесе бір атау туралы болжамдардың мол болғаны жақсы деп есептеледі.

Автор, сонымен бірге, тұрақты тіркес құрамындағы мағынасы көмескіленген сөздің түп төркінін іздегенде, осы уақытқа дейін айтылып келген ғылыми тұжырымдарды келтіре отырып, оларды салыстыра қарап, содан соң өз анықтамасын ұсынады. Бұл ғылыми этика жағынан да дұрыс келеді және талданып отырған мәселеге кешендік сипат береді.

Мақалада автор мағынасы анықталған көне сөзді көпшілікке түсінікті жаңа сөзбен ауыстыруға үзілді-кесілді қарсы шығады.

Ғасырлар бойы қалыптасып, қолданылып келе жатқан тұрақты тіркестердің құрамын өзгертуге болмайды. Егер өзгертіп жіберсек, тұрақты тіркестің мағынасы ауысып кетуі мүмкін немесе сапалық мәні солғындауы мүмкін екенін ескертеді.

Кілтті сөздер: фразеологизм, тұрақты тіркес, семантика, этимология, күңгірт, көмескі.

Кіріспе

Қай тілдің болмасын құрамындағы фразеологизмдерінің саны мен сапасы сол тілдің байлығын анықтайтын белгілердің біріне жататыны мәлім. Бұл тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ тілі ата-бабасынан мұраға қалған тұрақты тіркестердің мол қорымен мақтана алады. Қазақ тілінде, қандай стильде болсын жазылған кез келген мәтінді алып қарасак, ішінен тұрақты тіркес таппай қоймайсыз. Фразеологизм тілімізге сән беріп, мән беріп, жарқырайды да тұрады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде фразеологизм жан-жақты зерттеліп болды десек те болады. Соңғы зерттеу бағыты болған антропоцентризм тұрғысынан да біраз еңбектер жарық көрді. Алайда сондай ауқымды, мазмұнды сала болғандықтан, тұрақты тіркестердің қалыс қалған мәселелері де жоқ емес. «Фразеологизмдердің күрделілігі олардың құрылымдық типтерінің және синтаксистік модельдерінің алуан түрлі болып келуінде ғана емес, сонымен қатар тақырыптық және семантикалық тұрғыдан сан түрлі, көп қырлы болуында, ойдың әр алуан эмоциональді-экспрессивті реңкілерін білдіруге айрықша қабілеттілігінде», – деген еді академик Ә. Қайдар [1, 58-б.].

Қазақ фразеологизміндегі осындай бір кемшін тұсы тұрақты тіркес құрамындағы мағынасы көмескіленген (күңгірт тартқан) сөздердің этимологиясын ашуда жатыр. «Фразеологизмдердің тағы бір қасиеті – олардың құрамында көнелік белгі, сөздердің байырғы күйі, ескілікті сипаттары сақталады. Жекелеген сөздің мағыналары, дыбыс тұрпаты өзгеріп жатса, фразеологизмдер бұл жағынан «дәстүрге» берік» [2; 9]. Фразеологизмдерді қай уақытта, кімдер жасағанын біз анықтай алмаймыз және бұл тұрғыдан алғанда, олар ауыз әдебиеті мұраларына жақын келеді. Сол себепті, уақыт өткен сайын, тұрақты сөз құрамындағы кейбір сөздердің мағынасы қазіргі ұрпаққа түсініксіз бола бастайды. Біз оларды жаңа сөзбен ауыстыра алмаймыз, өйткені олар – «тұрақты тіркес». Бірақ ондай сөздердің мағынасын ашып, түсіндіруге болады. Біздің мақала осы мәселені шешуге талпыныс жасайды.

Материалдар мен әдістері

Мақалада ретроспективті әдіс (этимология), салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, ареалдық әдіс сияқты тілдік-тарихи зерттеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Абжыландай толғанды. «Айбат шекті, буырқанды» деген анықтама берілген «Фразеологиялық сөздікте» [2, 13-б.]. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «үлкен жылан» деген мағынасы жазылған [3, 35-б.]. Г. Жәркешева абжылан «су жылан» деген мән беретінін парсы. аб «су» сөзіне сүйеніп барып дәлелдейді [4]. Тілші-ғалым А. Махмұтов аб+жылан сөзінің бірінші сыңары түркі. аб/ап/эп «у, сиқыр, тылсым» мәнді сөзі дейді де, абжылан сөзінің мағынасын «улы, арбайтын, сиқырлы жылан» деп табады [5, 17-б.].

Ең алдымен, абжылан сөзінің «су жылан» мағынасын қарастырып көрейік. Рас, аса үлкен жыландар (мәселен: анаконда), көбінесе суда өмір сүреді, бірақ олардың таралу аймағы Оңтүстік Америкамен шектеледі. «Суда өмір сүретін аса ірі жылан» ұғымы Тұран даласына жете қоюы екіталай. Сондықтан бұл пікірді теріске шығармай-ақ (өйткені парсы. аб «су» сөзі тұруы да мүмкін), қоя тұруға тура келеді.

Екінші, «улы, арбайтын, сиқырлы жылан» мағынасына келтірілген деректер біртекті емес. Мәселен, автор «улы жылан» ұғымы мен «сиқырлы жылан» мағыналарын теңестіріп жіберген. Сол себепті, екінші этимология да болжам түрінде қалады.

Біздің ойымызша, ҚТТС ұсынған «үлкен жылан» семантикасы шындыққа келеді. Себебі көне түркі. аба/апа/абу туысқандық термині, үнемі, жасы үлкен адамдарға қарата айтылады: «ата, әке, аға, апа (әже), ана, әпке» [6, 54–58-бб.]. Э. В. Севортян мұндағы апа/аба сөзінің түбірі аб/ав «қартаю» мәнді етістік болуы да мүмкін екенін ескертеді (сонда). Осы түбір аб/ап, бәлкім, «үлкен, ересек» мағыналы сын есім болуы да ықтимал.

Түркілік аба/апа/абу алтай төркіндес тілдерде де кездеседі. Мәселен, моңғол. аав «әке», авгай «қатын, әйел, кемпір», авга «құлы, үлкен», аврага «алып, дәу, үлкен» [7, 13-б.]; тұңғыс-мәнжүр. ама «әке, ата», корей абәни «әке» т.б. [6, 57-б.].

Қорыта келгенде, абжылан/эбжылан сөзі «үлкен, ірі жылан» мағынасын береді деген пікір дұрысқа келеді.

Ағаш атқа мінгізді. Тұрақты тіркес «сөз қылды, өсек-аянға іліктірді, келеке қылды, масқара етті» деген мағына береді [2, 14-б.]. Тіркестің тарихы табғаш (қытайлардың) көтеріліске шыққан немесе тізесі батқан көшпенділердің қолға түскен көсем, батырларын ағаш атқа шегелеп өлтіретін жазасында жатыр. «Әйтеуір атқа мінгішсіндер ғой» деген арам пиғылдан пайда болған бұл жаза көпшілік алдында жасалатындықтан, ержүрек,

тәкаппар көшпенділер үшін масқара жаза болатын. Мәселен, Шыңғысханның екі атасын, Амбағай хан мен Үкін-Бұрханды, Алтын хандықтың тұсында ағаш атқа отырғызып, шегелеп өлтіргені тарихтан белгілі [8, 43-б.]. Осындай масқаралау жазасы кейін келе «ағаш атқа мінгізді» тұлғасындағы тұрақты тіркеске айналған. Ал «ағаш аттың басына мінгізді», «ағаш аттың басына іліп әкетті» деген нұсқалары әсірелеп жеткізу үшін пайда болған деп ұққан жөн.

Адасқанның алды жөн, арты соқпақ. «Адасқан, жаңылысқан, бағытынан бұрыс кеткен кісінің артында, жүріп өткен жолында айқындық, тура даңғыл жол жоқ, бұраңды, бұлтарысты із ғана болады, ал барар беті өзінше мақұл сияқты» деген анықтама берілген бұл тұрақты тіркеске [2, 16-б.]. Осы анықтамаға келісе отырып, біз бұл мәтелдің әуел бастағы нұсқасы «адасқанның алды – жол, арты – соқпақ» болған болуы керек деп есептейміз. Өйткені қазақ мәтелдерінде салыстырмалы түрде алынатын мысалдар, көбінесе, бинарлық мағынада тұрады: жақсы-жаман, ақ-қара, үлкен-кіші т.б. Мына тіркесте «алды – жөн, арты – соқпақ» түрінде мүлде сәйкеспей тұр. «Адасқанның алды – жол, арты – соқпақ» тұрақты тіркесінің беретін мағынасы да сол: «адасқан адамның алды жол сияқты (жөн, дұрыс сияқты) көрінеді де, бірақ артында бір адамның ізі (соқпағы) ғана жатады». Мәтелді қолданыс барысында *жол-жөн* сөздерінің ауысқаны байқалады.

Адыра қал. *Адыра қал* тұрақты тіркесі «иесіз қал, қараң қал» мәнді қарғысты білдіреді [3, 68-б.]. Ал оның *адырам/әдірем қал* нұсқасы «жетім қал» деген қарғыс мәнін береді екен [9, 9-б.]. *Адыра қалды* «келмеске кетті, қараң қалды» дейді тұрақты тіркестер сөздігінде [2, 9-б.]. Мұндағы *адыра* түбірі көне түркі тілінде бар және *айыра* «айырылу, ажырау» мәнін береді: адырылым/айырылым [10, 17-б.]. Қазіргі кезде мағынасын түсінбегендіктен, жай ғана қолданыла береді, ал шын мәнінде біршама ауыр қарғыс болып табылады: «барыңнан айырылып (ажырап) қал, жалғыз қал, жетім қал» деген мәндерде.

Ажырғы болу. *Ажырғы болу* тұрақты тіркесінің негізгі мағынасы «біреуге масыл болу, қажетсіз, артық сезіну» екені белгілі. «Саған (сенің мойныña) ажырғы болдым-ау» еген мағынада қолданылады. Мұндағы *ажырғы* сөзі «жауыр жылқының мойнына байланатын ағаш әбзелдің» аты және ол зат жауыр жылқы арқасындағы жараны шыбыннан қорғаймын деп тістелей бермес үшін байланады [3, 75-б.]. Қытайда ежелден қылмыскердің мойнына ағаш тақтай байлау үрдісі болған және оны қазақтар *ажырғы* деп атаған. *Ажырғы* сөзінің этимологиясы қазақ. ажыр/айыр «бөлу, ажырау» + ғы (зат есім жасаушы жұрнақ) тұлғалары арқылы жасалып, «бөлуші, ажыратушы (құрал)» деген мағынаны білдіреді. Ай/аж/аш синкретті түбірінен тарайды [11, 169-б.]. Жылқының басын арқасына жеткізбей ажыратып тұратын құралдың аты болып қалыптасқан. Жылқының, қылмыскердің

мойнына қажетсіз, артық зат болып таңылатындықтан, жоғарыдағы тұрақты тіркесті тудырған.

Азу тісі балғадай (пышақтай). Тұрақты тіркес «жарамды, қажырлы, күшті» деген мағынада қолданылады [2, 20-б.]. Осындағы *азу тіс* тіркесі көпшілікке түсінікті болғанымен, *азу* сөзінің этимологиясын аша кету артық болмайды. Профессор Г. Дерфер *азу* (тіс) сөзінің түбірінде *аз* «жолдан таю, адасу, қателесу» мәнді көне түркі сөзі жатыр дейді [6, 97-б.]. Оған *азу* тістің басқа тістерден бөлектеніп, іріленіп тұруы уәж болғанын келтіреді. Көне түркі тілінде *азу тіс азығ* тұлғасында қолданылған [12, 78-б.]. Ендеше, *аз* «адасу, бөлектену» + *ығ* (зат, сын есімдер жасайтын жұрнақ) арқылы жасалған азық сөзі «бөлектенген, оқшау» мағынасын береді де, «басқасынан ерекшеленген тіс» ұғымында қолданылады.

Айдарлысын құл, тұлымдысын тұл етті (қылды). «Қанады, езді, тепкіге алды, қор етті, құлдыққа, күндікке түсірді» деген жалпы мағына беретін тұрақты тіркес [2, 22-б.]. Фразеологиялық сөздікте «айдарлы» деген ер кісі, «тұлымды» деген әйел кісі мағынасында айтылып тұр» деген қосымша дерек келтірілген (сонда). Расында да, «Түркі халықтарына, соның ішінде қарақалпақтарға да, ежелден ер адамдардың маңдай тұсына, қарақұсқа немесе екі самайға ұзын шаш – ғұлпақ (айдар – Б. Б.) қалдырып отыру тән болған» [13, 33-б.]. *Ғұлпақ* сөзі «Көне түркі сөздігіне» енгеніне қарағанда, түркі халықтарының кейбірінде ғана қолданылса керек немесе араб тілінен енген *айдар* «төбеге қойылатын бір шоқ шаш» [3, 91-б.] сөзі оны ерте ауыстырып үлгерсе керек. Мәселен, М. Қашқари сөздігінде *күжік* «кекіл шаш (арғулар тілінде)» деген анықтама кездеседі [14, 450-б.]. Қазақ тілінде *күлте* «шоқталып түйілген бір буда жіп, қыл, шаш т.б.» (ҚТТС, 1980, 301) сөзі де бұл мәннен алыс кетіп жатқан жоқ. Қарақалпақстан ғалымы Д. Айтмуратов ғұлпақ/құлпақ сөзі «кекіл, бұрым, тұлым» мағынасында қарақалпақ, түркімен тілдерінде сақталып қалғанын айта келіп, қарақалпақ этнонимін қара+ғұлпақ сөздерінің бірігуінен шығарады [13, 33-б.]. Мысал ретінде Ажинияз ақынның: «Бенде болып түсті *ғұлпақлы уған...*» деген жыр жолын келтіреді (сонда). Осындағы ғұлпақлы уған қазақтың *айдарлы ұл* тіркесімен бірдей мәнде айтылып тұрғаны, ғұлпақ/құлпақ сөзін кейінгі айдар сөзі ығыстырып шығарғанын дәлелдейді.

Тұлым сөзі, көбінесе, қыз балаларға қарата айтылады: *тұлымды қыз, тұлымшағы селтиген қыз т.б.* [3, 271-б.]. *Тұлұм* сөзі көне түркі. *тұлұн* «жүгеннің оң және сол жақтары; екі шекелігіндегі нәрселерді де (моншақ, шашақ, тұмар т.б.) солай атайды» сөзінен шығатындай [14, 461-б.]. Ендеше *тұлым* «адамның екі самайынан өсіріліп, өрілетін шаш» деген ұғым тудырады. Көне түріктерде қыздарының шашын екі самайына қарай қос бұрым етіп, ал ұлдарын артына қарай бір бұрым етіп өру салты болды ма екен?..

Айдынды/айдын шалқар көл. «Фразеологиялық сөздікте» «байтақ көл; кең, тұнық, үлкен, жалтыр көл; мөлдір, жалпақ көл» деген кеңейтілген анықтама берілген [2, 23-б.]. «Түсіндірме сөздікте» *айдын* сөзіне «теңіз, көл сияқты көлемді су беті» деген анықтама жазылса, айдын көл тіркесіне «үлкен шалқар көл» деген қысқа ғана түсінік беріледі [3, 93-б.].

«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» *айдын* сөзінің мағынасын профессор А. М. Щербактың жазғанына сілтеп, «айдын (айлы түн) > ай + түн» сөздерінің бірігуінен шығарады [5, 23–24-бб.]. Э. В. Севортянның этимологиялық сөздігінде де көптеген түркі тілдерінде *айдын* сөзі «ай сәулесі, ай сәулесі түскен орын, судың жалтыраған беті» сияқты мәнде қолданылатыны келтірілген [6, 108–109-бб.].

Термеленген пікірлердің барлығы М.Қашқаридың айдың «ай жарығы, ай сәулесі» деген пікірінен бастау алатындай [14, 147-б.]. Автор мұнда *айдын* сөзінің соңғы дыбысын *ң* түрінде береді (айдың). Осыған байланысты Э. В. Севортян *айдың* сөзі туынды сөз деген тұжырым жасайды: *айды* (етістік) + *ң* (іс-әрекет иесін білдіретін жұрнақ). Сонымен бірге, Дж. Клоусонның талдауын да келтіреді: ай «ай» + *д* + *ы* + *ң* (қызметі анықталмаған жұрнақ) [6, 109-б.].

Келтірілген анықтамаларға талдау жасағанда, *айдын* сөзінің мағынасын *ай + түн* сөздерінің бірігуінен жасалған деген тұжырымға күдік туады, түбі халықтық этимологияға тартатындай. Ал *айдын/айдың* сөзін туынды сөз деп тапқан авторлар да сөз тудырушы қосымшалардың нақты мағынасын ашып бере алмаған. Біздің ойымызша, бұл сөз *ай+дың* деген екі сөзден біріккен және түркі тілдерінде *дын/дың/ды:ң/диң* тұлғалы жеке сөз бар. *Дын/дың* сөзінің негізгі мағынасы «басылу, демалу, тынышталу, тұну, тыну» болып келетіні анықталған [6, 341–345-бб.]. Сонымен бірге, *ды:ң/диң* етістігінің «қабылдамау, қайтару» деген бір мағынасы шағатай тілдерінде сақталып қалғанын автор атап өтеді (сонда, 344-б.). *Айдын/айдың* сөзінде дәл осы мағына қатысады: «ай сәулесінің шағылысуы, қайтарылуы (орыс. отражение – Б. Б.)». Қорыта келгенде, *айдын/айдың* сөзі «ай сәулесінің шағылысуы» мәнін береді және, көбінесе, су, көл беттері айлы түнде жарқырап жататындықтан, «айдын көл» тіркесін туғызады.

Айқай-сүрен салды. Тұрақты тіркеске «қым-қуыт шабуылдады» деген мағына берілген [2, 24-б.]. Автор Ж. Болатовпен бірге жазған тағы бір анықтамасында Л.Будаговтың мынадай пікірін келтіреді: «*Сүрән* – қорқынышты, жаман айқай, көбінесе қарама-қарсы тұрып бірін-бірі соғысқа шақыратын жағымсыз, ащы айқай» [5, 178-б.]. «Қазақ тілінде о баста осы әскери мағынада айтылған болу керек. қазіргі қазақ тілінде *сүрен* сөзі дербес тұрып «айқай» мағынасында қолданылмайды» деп қосады авторлар [сонда, 178-б.].

Біздің ойымызша, сүрен сөзі – біріккен сөз: *сү+рен*. Бірінші сыңары көне түркі. *сү* «әскер, қол (армия)» сөзі екенін аңғару қиын емес [12, 547-б.], ал екінші сыңары көне түркі. *ұран* «әскери ұран» [12, 651-б.] сөзінің ілгерінді ықпалға ұшыраған түрі деп білеміз. Сонда, *сү+ұран > сүүрен > сүрен* «әскери ұран» мағынасын береді. Ал *айқай-сүрен салды* тіркесі «айқайлап әскери ұран салды» деген мәнде қолданылады.

Айналышқы жегендей. «Төңіректеп, ұзап кете қоймайтын, маңайлап жүріп алатын кісі туралы айтылады» деген анықтама берілген «Фразеологиялық сөздікте» [2, 25-б.]. *Айналышқы жегендей* тіркесі «малдың әлдебір улы шөпті (бұл жерде *айналышқы* атты шөпті) жегеннен кейінгі қимылы» арқылы пайда болғанын аңғару қиын емес. Бұл улы шөп профессор Б. Қалиевтің сөздігінде кездесетін самалдық (горец) шөбінің бір түрі *айланшөп* болуы мүмкін [15, 22-б.].

Талданып отырған тұрақты тіркестің *айналышқы тигендей* деген нұсқасы да бар. Бұл жерде сиыр, қой малдарында болатын айналма/айналшық (менингит) ауруы қатысып тұр. Тұрақты тіркестерге ортақ құбылысты «улы шөп жегеннен немесе миға түскен құрттан болатын аурудан малдың бір орында айнала беруі» деп ұққан жөн. Қазақтың ұлттық кәсібі болып табылатын мал шаруашылығынан ұқсату арқылы адам мінезін/қылығын білдіретін тұрақты тіркес пайда болған.

Айран-асыр болды. «Аң-таң болды, таң-тамаша болды, қайран қалды, таңырқады» деген мағына береді [2, 25-б.]. «Түсіндірме сөздікте» бұдан басқа «шашылып-төгіліп, ойран-топыр болып» деген де мағынасын келтіреді [5, 103-б.]. Соңғы мағына «асып-төгілген айрандай шашылған» деген мәнде тұрғаны анық болса, бірінші мағына туралы олай дей алмаймыз. Ол жерде *айран* сөзінің қатысы жоқ. *Айран-асыр болды* тіркесінің бірінші сыңары араб. *хайран* «қайран, таңырқау, аң-таң болу» сөзі деп білеміз [16, 64-б.]. Араб тілінен енген сөздердің басындағы х, һ, ғ дыбыстарының түсіп қалуға бейім тұратынын білеміз: Ғали-Әли, ғаскер-әскер, хайла-айла т.б. Ал екінші сыңарындағы *асыр* сөзі де араб. *хаср/асыр* мәндес сөзі ме деп топшылаймыз. Сонда араб. *хайран-хасыр* қос сөзі өзара мәндес келіп, «таң-тамаша» деген мағынада қолданылады.

Айтқан дәті. «Білдірген көңілі, білдірген арманы» деген анықтама беріледі [2, 26-б.]. Мұндағы *дәті* сөзі парсы. *дад* «әділет», *дадхаст* «өтініш, арыз» сөзінен шығады [17, 275-б.]. «*Дәт* – парсы сөзі. Арыз, тілек, әділдік деген мағынаны білдіреді, көбінесе көмек, жәрдем, кешірім тілегенде айтылады» [9, 105-б.]. Сонымен бірге, *дәт* араб. «шыдам, төзім, дегбір; көңіл, діл, ынта» мәнінде де қолданылады: *дәтке* – қуат, *дәті берік*, *дәті бармады* [сонда, 108-б.].

Айтқан дәті тіркесі «айтқан тілегі, өтініші» деген мағынада қолданылып тұр.

Ауылды адақтап шықты. *Адақтап шықты* фразеологизмінің мағынасы «аралап, іздеп шықты» дегенге келеді. Мұндағы мағынасы айқын емес сөз – адақ. Адақ сөзі көне түркі тілінде, кейбір қазіргі түркі тілдерінде «аяқ, адамның аяғы» деген мағына береді [12, 8-б.]. Түркі тілдерінде, атап айтқанда тыва, тофалар – адақ, хакас, шор – азақ, қазақ, қарақалпақ – аяқ нұсқаларында кездеседі [11, 38-б.].

Қазақ тілінде «(ауылды, үйді) адақтап шықты» түрінде сақталып қалғаны, біздің ата-бабамыздың да бір кездерде *адақ* «айақ» сөзін қолданғанын білдіреді. Тек тілдің даму барысында, д-й дыбыс алмасуы жүргені анық.

Қазіргі тілімізде Орал, Қостанай өңірлерінде диалекті түрінде кездеседі: Оспаннның үйі үш көшенің адағында [18, 23-б.].

1966 жылы шыққан «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» *адақтау* сөзіне «аяқтап, тауысып шығу» деген анықтама берілген [5, 20-б.]. Бұл *адақтау* сөзінің мағынасына келгенімен, ол сөздікте *адақтап шығу* «аяқпен аралап жүріп шығу» мағынасы көрсетілмеген.

Сөз саптады. *Сөз саптау/сөз саптады* фразеологизмінің мәні «топ ішінде сөз бастады, сөйледі» дегенге келеді. Мұндағы түсініксіз *саптады/саптау* сөзінің түбірінде көне түркі тіліндегі *саб* «сөз» сөзі тұрғанын біреу білсе, біреу білмейді [12, 508-б.]. Сонда *сөз саптады* тіркесі, тура мағынасында «сөз сөзледі/сөйледі» болып шығады. Көне түркі ескерткіштерінде бұл ескі нұсқа жиі кездеседі: *сабымын* түкеті есідгіл «сөзімді түгел есті» (КТ(м), 1-жол), көрүр *сабы* антағ «барлаушының сөзі мынадай» (Тк, 9-жол) [19, 113-б.].

Академик Ә. Қайдар сөз саптады тіркесіндегі екі сөз өзара мағыналас екенін айтады: сап «сөз», саплады/саптады «сөзледі/сөйледі» [5, 166-б.].

Көне түркілік *саб* пен қазіргі *сөз* сөздерінің байланысын анықтау әзірге мүмкін болмай тұр. *Саб-саз-соз-сөз* өзгерістерін бастан кешті деуге тілдік деректер жетіспейді.

Баз біреу. «Фразеологиялық сөздікте» *баз біреу* тұрақты тіркесіне «кейбіреу, кез келген тосын адам» деген анықтама берілген [2, 52-б.]. Мұндағы мағынасы күңгірт *баз* сөзінің төркіні көне түркі тілінен ашылады. М. Қашқаридің «Түрік сөздігінде» *баз* «ғаріп, жат (адам)» деген түсінік беріледі [14, 208-б.]. Ендеше, *баз/баз біреу* тіркесі «бөтен, жат біреу» деген мағынада қолданылатыны анықталады.

Байғазы берді. *Байғазы берді* тіркесі «жаңа көрген нәрсеге көрімдік ретінде берілетін сый» мәнімен жұмсалады [2, 52-б.]. Мұндағы байғазы сөзі байқар «көрер»+ ы (зат есім жасаушы жұрнақ) арқылы жасалып, байқары/байғазы/байғазы «алғаш байқап, көргенде берілетін сый» мағынасында тұруы мүмкін. Тілімізде р/з дыбыс алмасуы бар екені рас. *Байғазы* сөзінің *көрімдік* сөзімен синоним болып тұрғаны осы пікірге жетелейді.

Қан сонар. *Қан сонар* тұрақты сөз тіркесіне «жаңа жауған көбік, соны қардан соң із жақсы көрінетін кез» деген түсіндірме беріліп жүр [20, 632-б.].

Бұл анықтамадан *сонар* сөзінің түбірі қазақ. *сон+ы* «жаңа, тың» сөзі екені байқалады. Ал *сон+ы+ар* > *сонар* етістігі қалайша «алғашқы, жаңа жауған қар» мағынасын бере салатыны түсініксіз [11, 249-б.]. Біздің ойымызша, *соны* «жаңа» + *қар* «қар» сөздері кірігіп, «к» қатаң дауыссыз дыбысы екі дауыстының ортасына келгенде алдымен ұянданып («ғ»), бара-бара түсіп қалғандықтан, *сонар* сөзі «алғашқы, жаңа жауған қар» мәнін сақтап қалған болуы керек: *соны қар* > *сонығар* > *соныар* > *сонар*. Ал «...*сонар* сөзінің қазіргі уақытта беретін «жаңа жауған ұлпа қардан кейінгі аң аулауға шығатын мезгіл» деген мағынасы, әрине, оның ауыспалы мағынасы», - дейді академик Ә. Қайдар [5, 118-б.].

Қан сонар тіркесіндегі *сонар* «аң аулау, аңға шығу» мағынасымен қатысып тұр десек, алғашқы сыңары *қан* сөзімен де үйлесе кетпейді. Түркі тілдерінде сөз соңында р/н үнді дыбыстарының алмасуы кездеспесе де, біз *қан сонар* тіркесінің *қар сонар* тіркесінен шығатынын пайымдаймыз. *Қар сонар* «қар жауған кезде, аңға шығу» сөз тіркесі қолданыс барысында *қан сонар* болып өзгеруі мүмкін. Бұл өзгерісті *сонар* сөзінің алғашқы тұлғасын да (соны қар), мағынасын да «жаңа қар» жоғалтып алғаннан кейін болған тілдік құбылыс деуге болады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2023–2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP19678010).

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазақ тіл білімінде этимология, сөз төркінін ашу жұмысы баяу жүріп жатыр. Мемлекеттік тілді дамыту институтында 2021–2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында көне түркі ескерткіштеріндегі ономастикалық кеңістікті анықтау және анықталған әр жалқы есімінің этимологиясын ашу жұмысы орындалды. Соның нәтижесінде ономастикалық бірліктің этимологиялық сөздігі жасалды. Оның алдында 1966 жылы «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» шықты. Ал енді мынау қолға алынып отырған жұмыс қазақ фразеологизмнің құрамында кездесетін мағынасы күңгірт сөздердің этимологиясын ашу болып табылады.

Қазіргі тілімізде бар тұрақты тіркестер құрамында мағынасы көмескіленген сөздер көп кездеседі және олардың мағынасын ашып, түсіндіру тілші-ғалымдардың міндетіне жатады. Қарапайым халық тілді

құрал ретінде қолданатындықтан, ондай көне сөздердің байыбына барып жатпайды. Даяр күйінде пайдаланады.

Қазақ фразеологизмдерінің құрамындағы мағынасы күнгірт тартқан (әрине, уақыт өту барысында – Б. Б.) сөздердің этимологиясын тауып, анықтама беріп отыру ол тұрақты тіркестің жалпы мағынасын одан әрі айқын, түсінікті ете түседі, әрі зерттелуі баяу жүріп жатқан этимологиялық жұмыстардың артуына үлес қосылады. Тұрақты тіркес құрамындағы көне сөзді қазіргі тіліміздегі баламасымен алмастыруға болмайды. Керісінше, көне сөзді өмірге қайта әкеліп, жандандырған дұрыс болады. Лексикамыз байи түседі. Ал жаңа сөзбен алмастырып қолданғанда, тұрақты тіркес мағынасы өзгеріп, беретін эмоцианальді-экспрессивті бояуы солғындап кетуі әбден мүмкін.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 Қазіргі қазақ тілі: Оқулық. – Алматы : Нур-Принт, 2012. – 535-б.
- 2 **Кеңесбаев, І.** Фразеологиялық сөздік. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2007. – 800-б.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (ҚТТС). Алматы, 1974, 1-т., 68-б.
- 4 **Жәркешева, Г.** Кейбір кіріккен сөздердің этимологиясы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1989.
- 5 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы : «Ғылым» баспасы, 1966. – 240-б.
- 6 **Севортян, Э. В.** Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные. – М., 1974.
- 7 **Базылхан, Б.** Монгол-казах толь/Моңғолша-қазақша сөздік. – Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885-б.
- 8 К.д. Оссон / Издательство «Санат». – Алматы, 1996.
- 9 **Қайыржан, К.** Сөз – сандық : Қазақтың көне сөздері. – Алматы : «Өнер» баспасы, 2013. – 480-б.
- 10 **Малов, С. Е.** Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.-Л., 1951.
- 11 **Кайдар, А. Т.** Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы : Изд. «Арыс», 2005. – 304 с.
- 12 Древнетюркский словарь (ДТС). Астана : «Ғылым» баспасы, 2016. – 760 с.
- 13 **Айтмуратов, Даулен.** Тюркские этнонимы: каракалпак, черные клобуки, черкес, башкурт, кыргыз, уйгур, тюрк, печенег, сак, массагет, скиф / Даулен Айтмуратов. – Нукус : Каракалпакстан, 1986. – 231 с.

14 **Қашқари, М.** Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк) : 3 томдық шығармалар жинағы / ауд. А. Егеубай. Алматы : ХАНТ, 1997. – 1353 б.

15 **Қалиев, Б.** Өсімдік атауларының орысша-қазақша сөздігі – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 104-б.

16 Арабша-қазақша түсіндірме сөздік; құраст. Н. Д. Оңдасынов; жалпы ред. басқ. Е. Б. Бекмұхаметов... – Алматы : Қазақстан, 1969. – 263, [2] б. - Шора Сарыбаев қоры. – Библиогр. : 263–264-б.

17 **Жеменей, И.** Қазақша-парсыша және парсыша-қазақша сөздік. – Алматы, «Санат», 1994. – 368-б.

18 Диалектологиялық сөздік. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2007. – 800-б.

19 Орхонские надписи. Кюль-тегин. Бильге-каған. Тоньюкук. МКА. Семей, 2001.

20 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (ҚТТС). – Алматы, 1980, 5-т.

References

1 Kazirgi kazak tili [Modern Kazakh language: Textbook]. – Almaty : Nur-Print, 2012. – 535 p.

2 **Kenesbaev, I.** Frazеologiyalyk sozdik [Phraseological dictionary]. – Almaty : «Arys» publishing house, 2007. – 800 p.

3 Kazak tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. – Almaty, 1974. – Vol. 1. – p. 68.

4 **Zharkesheva, G.** Keibir kirikken sozderdin etimologiyasy [Etymology of some embedded words] // Kazakh language and literature. – Almaty, 1989.

5 Kazak tilinin kyskasha etimologiyalyk sozdigi [Brief etymological dictionary of the Kazakh language]. – Almaty : «Gylym» publishing house, 1966. – 240 p.

6 **Sevortyan, E. V.** Etimologicheskii slovar tyurskikh yazykov: obschetyurkskiye i mezhtyurskiye osnovy na glasnyye [Etymological dictionary of Turkic languages: Common Turkic and inter-Turkic vowel bases]. – M., 1974.

7 **Bazylkhan, B.** Mongol-kazak tol/Mongolsha-kazaksha sozdik [Mongolian-Kazakh tol/Mongolian-Kazakh dictionary]. Ulaanbaatar-Olgii, 1984. – 885 p.

8 K. d'Osson. Publishing house «Sanat». – Almaty, 1996.

9 **Kairzhan, K.** Soz – sandyk: Kazaktyn kone sozdery [Word – number: ancient Kazakh words]. – Almaty : «Oner» publishing house, 2013. – 480 p.

10 **Malov, S. E.** Pamyatniki drevnetyurkskoy pismennosti. Teksty i issledovaniya [Monuments of ancient Turkic writing. Texts and research]. – M.-L., 1951.

11 **Kaidar, A. T.** Struktura odnoslozhnyh korney i osnov v kazahskom yazyke [The structure of monosyllabic roots and stems in the Kazakh language]. – Almaty : Publishing house. «Arys», 2005. – 304 p.

12 Drevnetyurkskiy slovar [Ancient Turkic Dictionary]. – Astana : «Gylym» Baspasy, 2016. – 760 p.

13 **Aitmuratov, Daulen.** Tyurkskiye etnonimy: karakalpak, chernyye klobuki, cherkes, bashkurt, kyrgyz, uygur, tyurk, pecheneg, sak, massaget, skif [Turkic ethnonyms: Karakalpak, Black Klobuki, Circassian, Bashkurt, Kyrgyz, Uighur, Turk, Pecheneg, Sak, Massaget, Scythian] / Daulen Aitmuratov. – Nukus : Karakalpakstan, 1986. – 231 p.

14 **Kashkari, M.** Turik tilinin sozdigi (Diواني lugat-it-turk): 3 tomdyk shygarmalar zhinagy [Dictionary of the Turkish language (Diواني lugat-it-turk): a collection of works in 3 volumes] / trans. A. Yegeubai. – Almaty : KHANT, 1997. – 1353 p.

15 **Kaliyev, B.** Osimdyk ataularynyn orysha-kazaksha sozdigi [Russian-Kazakh dictionary of plant names]. – Almaty : «Mother tongue», 1993. – 104 p.

16 Arabsha-kazaksha tusindyrme sozdik [Arabic-Kazakh explanatory dictionary]; made up N. D. Ondasynov; general ed. etc. E. B. Bekmukhametov... – Almaty : Kazakhstan, 1969. – 263, [2] p. – Shora Sarybayev Foundation. – Bibliogr. : P. 263–264.

17 **Jemenei, I.** Kazaksha-parsysha zhane parsysha-kazaksha sozdik [Kazakh-Persian and Persian-Kazakh dictionary]. – Almaty : «Sanat», 1994. – 368 p.

18 Dialektologiyalyk sozdik [Dialectological dictionary]. – Almaty : «Arys» publishing house, 2007. – 800 p.

19 Orhonskiye nadpisi. Kul-tegin. Bilge-kagan. Tonyukuk [Orkhon inscriptions. Kül-tegin. Bilge Kagan. Tonyukuk]. MKA. – Semey, 2001.

20 Kazak tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. – Almaty, 1980. – Vol. 5.

28.09.25 ж. баспаға түсті.

17.10.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

Б. Н. Бияров¹, С. А. Итегулова²,

*А. О. Тымболова³, *Н. Б. Ильясова⁴*

^{1,2,3,4}Институт развития государственного языка,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 28.09.25.

Поступило с исправлениями 17.10.25.

Принято в печать 25.11.25.

СЛОВА С НЕЯСНЫМ ЗНАЧЕНИЕМ, ВСТРЕЧАЮЩИЕСЯ В СОСТАВЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

В статье рассматривается этимология слов с неясным значением, встречающихся в составе фразеологизмов казахского языка. Хотя и смысл устойчивых словосочетаний, образовавшихся в нашем языке в ранние времена ясен, некоторые слова во фразе стали непонятны современным пользователям языка. Это закономерное явление, которое формируется в процессе развития языка. Автор ставит перед собой задачу раскрыть семантику таких устаревших слов.

Поскольку выявление этимологии слов вызывает некоторые трудности, результаты некоторых анализов носят прогностический характер. Учитывая, что этимологический анализ в целом опирается на предположения, это не является заблуждением. Не исключено, что в одном из предложенных предсказаний есть правда. Поэтому в лингвистике считается хорошим иметь множество догадок об одном слове или в одном названии.

В то же время, пытаясь выяснить происхождение слова, значение которого скрыто в обычном словосочетании, автор сопоставляет научные данные, упомянутые до сих пор, а затем предлагает собственное определение. Это правильно с точки зрения научной этики и придает комплексный характер анализируемой проблеме.

В статье автор категорически выступает против замены древнего слова с определенным значением новым словом, понятным обществу. Невозможно изменить состав устойчивых словосочетаний, которые формировались и употреблялись веками. Он предупреждает, что если мы изменим ее, то может измениться смысл обычной фразы или ее качественная ценность может исчезнуть.

Ключевые слова: фразеологизм, словосочетание, семантика, этимология, неясные, расплывчатые.

B. N. Biyarov¹, S. A. Itegulova²,

A. O. Tymbolova³, N. B. Ilyasova⁴

^{1,2,3,4}Institute of State Language Development,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 28.09.25.

Received in revised form 17.10.25.

Accepted for publication 25.11.25.

WORDS WITH UNCLEAR MEANINGS FOUND IN KAZAKH PHRASEOLOGICAL UNITS

The article examines the etymology of words with unclear meanings found in the phraseological units of the Kazakh language. Although the meaning of stable phrases formed in our language in the early days of unknown time is clear, some words in the phrase have become incomprehensible to modern users of the language. This is a legal phenomenon formed in the process of language development. The author sets himself the task of revealing the semantics of such obsolete words.

Since the identification of the etymology of the word causes some difficulties, the results of some analyses are speculative. Given that etymological analysis is generally based on assumptions, this is not a misconception. It is possible that there is truth in one of the proposed predictions. Therefore, in linguistics, it is considered good to have many guesses about one word or one name.

At the same time, trying to find out the origin of the word, the meaning of which is hidden in an ordinary phrase, the author compares the scientific data mentioned so far, and then offers his own definition. This is correct from the point of view of scientific ethics and gives a complex character to the analyzed problem.

In the article, the author categorically opposes the replacement of an ancient word with a certain meaning by a new word understandable to society. It is impossible to change the composition of stable phrases that have been formed and used for centuries. He warns that if we change it, the meaning of an ordinary phrase may change or its qualitative value may disappear.

Keywords: phraseology, word combination, semantics, etymology, unclear, vague.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz